ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК РУХ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Куттыбаев Шоканхан Дуйсенханович,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология факультеті
Академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі
кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор, аға оқытушы

АҢДАТПА

Мақалада ұлы суреткер Шыңғыс Айтматов прозасындағы түркілік рух пен ұлттық құндылықтардың көркемдік сабақтастығы турасында сөз қозғалады. Жалпы Айтматов туындыларында түркі халықтарына ортақ тарихи жад, туған жер, ұлттық болмыс, дәстүр, ұрпақ сабақтастығы және рухани құндылықтар көрініс тапқан. Нақтырақ айтқанда, «Қош бол, Гүлсары!», «Боранды бекет», «Плаха» шығармалары негізінде ұлттық дүниетанымның жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтасу ерекшеліктері айқындалады. Мақалада қаламгер прозасындағы фольклорлық-мифологиялық сарындар мен тарихи жадының түркілік рухты танытудағы қызметіне назар аударылады. Сонымен қатар жазушының қазақ, қырғыз және жалпы түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтарды көркемдік тұрғыдан жинақтау шеберлігі сараланады. Зерттеу нәтижесінде Айтматов шығармаларының түркілік дүниетаным мен ұлттық рухани сабақтастықты танытудағы маңызы тұжырымдалып өзбек әдебиетіндегі шығармалармен салыстырмалы талдау жүргізіледі.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматривается художественная преемственность тюркского духа и национальных ценностей в прозе великого писателя Чингиза Айтматова. В целом в произведениях Айтматова находят отражение общие для тюркских народов историческая память, любовь к родной земле, национальная идентичность, традиции, преемственность поколений и духовные ценности. В частности, на материале произведений «Прощай, Гульсары!», «И дольше века длится день» («Боранный полустанок»), «Плаха» выявляются особенности взаимосвязи национального мировоззрения с общечеловеческими ценностями. Особое внимание уделяется роли фольклорно-мифологических мотивов и исторической памяти в раскрытии тюркского духа в прозе писателя. Кроме того, анализируется мастерство Айтматова в художественном обобщении духовных ценностей, общих для казахского, кыргызского и других тюркских

народов. В результате исследования определяется значение произведений Айтматова в осмыслении тюркского мировоззрения и духовной преемственности, а также проводится сравнительный анализ с произведениями узбекской литературы.

THE TURKIC SPIRIT AND NATIONAL VALUES IN THE PROSE OF CHINGIZ AITMATOV

ABSTRACT

The article examines the artistic continuity of the Turkic spirit and national values in the prose of the great writer Chingiz Aitmatov. In general, Aitmatov's works reflect historical memory, attachment to the native land, national identity, traditions, continuity between generations, and spiritual values shared by the Turkic peoples. In particular, the works "Farewell, Gulsary!", "The Day Lasts More Than a Hundred Years" ("The Stormy Station"), and "The Scaffold" are analyzed to identify the ways in which national worldview is interconnected with universal human values. Particular attention is paid to the role of folklore and mythological motifs, as well as historical memory, in representing the Turkic spirit in the writer's prose. The article also examines Aitmatov's mastery in artistically synthesizing spiritual values common to the Kazakh, Kyrgyz, and other Turkic peoples. The study highlights the significance of Aitmatov's works in understanding the Turkic worldview and spiritual continuity and provides a comparative analysis with works of Uzbek literature.

Әлемдік әдебиетке түрен салған өзекті туындыларының қайнар бұлағы адамгершілік пен парасаттылық мәселесі болған Шыңғыс Айтматовтың ұлы есімі төбесін мәңгілік мұз басқан ақ бас Алатаудай асқақ. Көзінің тірісінде-ақ «Шығыстың Шыңғысы, түркі әлемінің жұлдызы» (М.Әуезов) – деп аталған Ұлы суреткер туындыларының негізгі қаһармандары қарапайым еңбек адамдары болса да, қарапайым кейіпкерлеріне ғасыр жүгін арқалата білді. Алатаудай асқақ қырғыз көгінде дүниеге келген жазушы туындыларының негізгі өзегі түркі халықтарының арман-тілегі болғандықтан оның есімі бауырлас халықтар әдебиетінде алтын әріппен жазылды.

Бауырлас халықтардың төл өнерімен терең сусындап, «Телқоңырдай» түлеген Ұлы суреткердің бауырлас қазақ халқына, яғни қазақ әдебиетіне қосқан үлесі де өлшеусіз. Алатаудың баурайында дүниеге келген талантты жазушының балалық шағы да ағайынды қазақ елімен тығыз байланысты. «Анамызда қара көз қыз-ау, бәлкім, Бөліп берген егізге үзіп нанын» [2, б. 6], – деп Ж.Молдағалиев жырлағандай, ежелден бірімен-бірі қыз алысқан бауырлас халыққа ортақ перзент болған заңғар жазушы қазақ жеріне бүйрегі бұрып, кең

даланың қайғысы мен қуанышын кеудесіне сыйдыра білді. Қаламынан туған өміршең туындыларының 70 пайыздан астамы қазақ даласымен, қазақ өмірімен тығыз байланысты. Айтамтов қазақ жері арқылы бауырлас халықтардың таным-түсінігін терең суреттей алған. Жазушы туындыларындағы түркілік рух – ұлттық салт-дәстүрді суреттеумен ғана шектелмейді. Оның терең қабатында тарихи жад, ата-баба аманаты, туған жер, табиғатпен тұтастық, ана культі, аңыздық сана және ұрпақ сабақтастығы жатыр.

Жазушы осы ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық гуманистік мәселелер деңгейіне көтереді. Ш. Айтматовтың «Боранды бекет»[3], «Плаха»[4], «Қош бол Гүлсары!»[5], – туындыларының бүгінгі ұрпақ үшін де берері мол, философиялық астары терең туындылар десек артық айтқандығымыз емес. Жалпы, Шыңғыс Айтматов шығармашылығы туралы сөз болғанда оның жалпыадамзаттық сипаты жиі айтылады. Дәлірек айтқанда, заңғар жазушы өз туындыларында ұлттық дүниетанымнан жалпыадамзаттық мәселелерге көтеріле ме, әлде адамзатқа ортақ мәселелерді ұлттық таным аясында бейнелей ме деген сауалдың туындауы заңды. Алайда жазушыны адамзаттық биік мәселелерге жетелейтін рухани бастау қайда жатыр? Біздіңше, оның қайнар көзі – ұлттық дүниетанымда, халықтың тарихи жадында, түркілік рухани құндылықтарда.

Мәселен, қаламгердің «Плаха» («Жан пида») романында қазақ даласындағы Мойынқұм кеңістігі мен ондағы Аққұртқа, Тасшайнар бастаған қасқырлар тіршілігі шығармадағы маңызды көркемдік желінің біріне айналады. Жазушы қасқырды тек түз тағысы ретінде суреттеумен шектелмейді. Олар – осы кеңістіктің табиғи болмысымен біте қайнасқан тіршілік иелері. Сондықтан шығарма астарына тереңірек үңілсек, қасқырлар кездейсоқ алынған образдар емес екенін аңғарамыз.

Қасқыр образы арқылы жазушы адам мен табиғат арасындағы байланысты ғана емес, түркі халықтарының көне дүниетанымымен сабақтас терең мәдени қабаттарды да қозғайды. Түркілік мифологиялық танымда бөрі образы айрықша семантикалық мәнге ие. Ол бірқатар көне түркілік аңыздарда тектілік, еркіндік, өміршеңдік және ұрпақ жалғастығы идеяларымен сабақтасып жатады. Осы тұрғыдан қарағанда, Айтматов романындағы қасқырлар бейнесін түркілік дүниетанымның көркемдік жадымен байланыстыра қарастыруға негіз бар.

Жалпы, түркі халықтарының дүниетанымында қасқыр – киелі мәнге ие бейне. «Көк бөрінің ұрпағымыз» деген көне мифтік түсінік пен ежелгі түркілердің бөрі бейнесін айрықша нышан ретінде қабылдауы өзара сабақтасып жатыр. Бөрі бейнесі түркілік танымда тектілік, қайсарлық, еркіндік тәрізді

ұғымдармен астасып, ғасырлар бойы мәдени жадта сақталып келеді. Бұл танымның халық даналығындағы жалғастығын мақал-мәтелдерден де аңғаруға болады. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп халқымыз ер-азаматтың тәуекелшіл, әрекетшіл болмысын бөрі табиғатымен сабақтастырса, «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» деген нақыл оның табиғи ортасына деген тылсым тартылысын бейнелейді. Осы халықтық танымда бөрі – еркіндіктің, қайсарлықтың, тәуелсіз болмыстың символы.

Демек, Шыңғыс Айтматовтың «Плаха» романындағы Аққұртқа мен Тасшайнарды тек табиғат әлемінің өкілдері ретінде қабылдау жеткіліксіз. Олардың еркін кеңістіктегі тіршілігі, ұрпағын қорғауы, мекенінен айырылуы мен адам әрекетінен тартқан қасіреті түркілік мәдени жадтағы бөрі бейнесінің терең семантикасымен де үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, қасқырлар тағдыры шығармадағы адам мен табиғат қақтығысын ғана емес, еркіндік, мекен, ұрпақ және тіршілік тұтастығы тәрізді құндылықтарды да танытатын маңызды көркемдік арнаға айналады.

Сондай-ақ жазушының «Қош бол Гүлсары!» туындысындағы жылқы образы оқырманын ұлттық танымға жетелейтіні сөзсіз. Ежелден түркі баласы үшін қасқыр мен жылқының орны бөлек.

Ш.Айтматовтың «Қош бол Гүлсары!», – деп аталатын туындысы психологиялық повесть. Онда басты кейіпкер Танабайдың ішкі жан дүниесі, толғанысы, өмірлік трагедиясы терең суреттеледі. Шығарма **ретроспективті баяндау** арқылы дамиды. Яғни өткен өмірге шегініс. Ал бүгінгі әдебиеттергі нарратологиялық талдау тұрғысынан алып қарайтын болсақ, Шығарма **гомодиегетикалық баяндау** үлгісіне жақын: оқиға кейіпкердің (Танабайдың) санасы арқылы беріледі. Авторлық баяндау мен кейіпкердің ішкі ой ағыны астасып жатыр. Шығарма екі түрлі уақыт құрлымына құрылған: Біріншісі, нақты, яғни жол үстіндегі уақыт, екіншісі, психологиялық, адам санасындағы, еске алу, өткенді саралау. Айтматов суреттеп отырған Гүлсарыны тек жылқы деп қарастырсақ қателік, өйткені ол бұл туындыда тек жылқы емес символдық бейне арқылы беріліп тұр. Ал екінші тұрғыдан келгенде жылқы төрт түлік малдың ішінде түркі халқы үшін орны бөлек жануар. Дәлірек айтқандай Гүлсары еркін халықтың бейнесі.

Айтматов прозасындағы түркілік дүниетанымды танытатын тағы бір көркемдік арна – жылқы бейнесі. «Қош бол, Гүлсары!» повесіндегі Гүлсары – шығарма оқиғасын толықтырушы жануар ғана емес, кейіпкер тағдырымен біте қайнасқан көркем образ. Жылқыны адамның қанаты санаған көшпелі дүниетанымда тұлпар еркіндікпен, кеңістікпен, қозғалыспен және адам тағдырымен сабақтас қабылданған. Айтматов осы мәдени жадты Гүлсары

бейнесі арқылы жаңаша көркемдік мәнге көтереді. Жазушы мұнда да түркілік таным негізінде жалпыадамзаттық мәселені қозғайды. Адам еркіндігі мен төл болмыстың сақталуы мәселесін ұлттық дүниетаным аясында бейнелей отырып, қаламгер адамзатқа ортақ гуманистік ой ұсынады.

Шығармадағы кейінгі ұрпақтың бабадан қалған киіз үйдің мәнін танымауы да терең символдық мазмұнға ие. Мұны жаңа қоғамдық қатынастардың орнауын білдіретін тұрмыстық өзгеріс ретінде ғана емес, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықтың әлсіреуінің белгісі ретінде де қабылдауға болады. Киіз үй бұл тұста баспана қызметінен қарағанда ата-баба мұрасын, дәстүрлі өмір салтын, мәдени жадты танытатын көркемдік нышанға айналады.

Мәдени жадтың үзілуі мәселесі Айтматовтың кейінгі «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») романында жаңа көркемдік-философиялық деңгейде жалғасын табады. Сарыөзек кеңістігінде өрбитін оқиғалар бір ғана жергілікті халықтың тағдырын танытумен шектелмейді. Мұнда өз болмысынан, тарихи жадынан, ата дәстүрінен ажыраған адамның трагедиясы жалпыадамзаттық деңгейге көтеріледі.

Осы идеяны тереңдетуде жазушы Найман-Ана мен мәңгүрт туралы аңызды романның көркемдік құрылымына шебер енгізеді. Жадынан айырылған мәңгүрт өз анасын, туған жерін, тегін танудан қалады. Осылайша жеке адамның жадсыздануы тұтас халықтың тарихи жадынан айырылу қаупін аңғартатын әмбебап көркемдік модельге айналады. Айтматов үшін тарихи жад – өткенді еске алу ғана емес, адамның өзінің кім екенін тануының, ұлттық әрі адамдық болмысын сақтауының рухани негізі.

Ш. Айтматов «Боранды бекетте» халық аңыздарын кейіпкерлердің образдарын сомдауда, идеяны ашуда ұтымды пайдаланғаны мәлім. Автор сол арқылы азамзат тағдырының тарихи қойнау мен болашағына да терең үңіліп, ойға бағдар салады. Бұл жайт, әсіресе, жазушының әдебиет әлеміне алып келген жаңалығы - «мәңгүрт» ұғымымен байланысты өрбиді. Сонау ерте замандағы Найман ана аңызында бір кездері елінің намысы үшін қолына қару алып, жауға аттанған қазақ батыры Жоламанның жау қолына түсіп азапталуы, дұшпандардың қолға түскен тұтқындарды жұмыс күші ретінде пайдалану үшін ойлап тапқан ең зұлым әдістерінің бірі – оларды ақыл-есінен айырып, мәңгүрттендіруі тарих қойнауындағы азапты қасірет болса, өркениет көрген оқыған кейіпкер Сәбитжанның аузымен айтылатын *«Ал радио арқылы адамдарды басқаратын күн туады әлі! Әлгі автоматтарды қалай басқарса, тура солай басқарады. Оу, түсініп отырсыздар ма – кәрі демей, жас демей, адамдардың бәрі түгел радио арқылы басқарылатын болады. Қазірдің өзінде*

ғылыми нәтижелер де бар. Биік мүдделер жолында ғылым мұны да ойлап тапты» [3] деген сөздер мәңгүрттіктің заманауи түріне бағдар сілтегендей. Ана бейітке деген құрметі арқылы өткенін асыл қазына тұтатын Едіге ғылыми прогрестің ізгілікке керағар дамып, адамзаттық құндылықтарды аялай бермейтіндігін түйсігімен сезеді. Тарих қойнауындағы жуан-жуандар өзінен күші басым қазақ батырларын қапыда қолға түсіріп, осындай ауыр азаппен ақыл-естен айыру арқылы өз есігінде мәңгі-бақи құл етті, ал қазіргі өркениет дамыған қоғам ше?! Бұл турасындағы авторлық пайым: *«Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы адамды ақыл-естен айыру. Ақыл-ой – адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына ғой»* [3] болып түзіледі.

Жазушы романда Едігені қарт теміржолшы ретінде ғана емес, өткен мен бүгіннің арасын жалғаушы рухани көпір ретінде бейнелейді. Өйткені Едіге үшін Ана-Бейіт – жай ғана аңызға айналған мекен емес, ата-баба тарихы мен халық жадын сақтап тұрған киелі кеңістік. Оның Қазанғапты Ана-Бейітке жерлеуге ұмтылуы да осы тарихи жадқа адалдықтың көрінісі.

Ал Сәбитжан бейнесі Едігеге қарама-қарсы сипатта көрінеді. Ол – заманның білімін меңгергенімен, ата-баба дәстүрі мен тарихи жадтың рухани мәнінен алыстай бастаған ұрпақтың өкілі, яғни, көркем бейнесі. Оның өмірден өткен әкесін Ана-Бейітке жерлеудің мәнін түсінбеуі туған топырақ пен ата-баба жадынан рухани алшақтауын аңғартады. Осы екі кейіпкерді қарама-қарсы қою арқылы Айтматов білімді болу мен рухани тамырды сақтау әрдайым бір ұғым емес екенін көрсетеді.

Едіге – жадты жалғастырушы тұлға болса, Сәбитжан – сол сабақтастықтың үзілу қаупін танытатын бейне. Демек, жазушы көтерген мәселе бір кейіпкердің мінез-құлқымен шектелмейді. Тарихи жадынан, ұлттық құндылықтары мен рухани тамырынан ажыраған ұрпақтың болашағы қандай болмақ деген сауал бүкіл адамзатқа бағытталады.

Жалпы Ш.Айтматовтың бұл туындысы өзбек халқының жазушысы Толғай Муродтың «Отамнан қолган далалар»[6] романымен үндес. Мұнда жазушы «Атадан қалған дала – кейіпкер үшін материалдық мұра ғана емес, ұрпақ жадын сақтайтын рухани аманат» ретінде көрсеткен. Ал Айтматов романында Едіге де «Ана-Бейітті» бабадан қалған аманат ретінде қарауы екі жазушының отанға, туған жерге деген көзқарасын тоқайластырады.

Салыстыру өзегі	**Ш. Айтматов «Боранды бекет»**	**Тоғай Мурод «Отамдан қолган далалар»**	**Ортақ түркілік таным**
Көркем кеңістік	Сарыөзек, Ана-Бейіт	Атадан қалған дала, туған топырақ	Ата мекен – рухани кеңістік

Салыстыру өзегі	**Ш. Айтматов «Боранды бекет»**	**Тоғай Мурод «Отамдан қолған далалар»**	**Ортақ түркілік таным**
Тарихи жад	Найман-Ана, мәңгүрт туралы аңыз	Үш ұрпақ тағдыры, ата мұрасы	Ұрпақ сабақтастығы
Ата-баба мұрасы	Ана-Бейіт – бабалар жатқан қасиетті мекен	Атадан қалған жер – ұрпаққа аманат	Мұраны сақтау
Жадтың үзілуі	Мәңгүрт өз тегін, анасын танымайды	Тарихи өзгерістер адамның туған жермен, ұлттық болмыспен байланысына қысым түсіреді	Тамырдан ажырау қаупі
Негізгі символ	**Жад**	**Жер**	Ұлттық болмысты сақтау
Көркемдік идея	Жадынан айырылған адам өзінің кім екенін ұмытады	Ата жермен байланыс ұрпақтың тарихи-рухани сабақтастығын танытады	Тарихи жад пен ұлттық бірегейлік

Қорыта айтқанда, Шыңғыс Айтматов туындыларындағы түркілік рух пен ұлттық құндылықтар жекелеген этнографиялық белгілер немесе ұлттық бояу деңгейінде ғана көрінбейді. Олар жазушының көркемдік-философиялық ойлау жүйесінің терең қабатын түзеді. Бөрі мен жылқы бейнесі, атамекен мен туған жер ұғымы, Ана-Бейіт, Найман-Ана туралы аңыз, ұрпақ сабақтастығы мен тарихи жад мәселесі – барлығы да түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани дүниетанымымен сабақтас. Айтматовтың суреткерлік ерекшелігі – осы ұлттық танымды бір халықтың шеңберінде қалдырмай, жалпыадамзаттық деңгейге көтеруінде. «Плахадағы» Ақұртқа мен Тасшайнар тағдыры арқылы табиғат пен адам арасындағы үйлесімнің бұзылуын, «Қош бол, Гүлсарыдағы» Гүлсары бейнесі арқылы еркіндік пен табиғи болмыстың шектелуін, «Боранды бекеттегі» Найман-Ана, Едіге, Сәбитжан образдары арқылы тарихи жад пен рухани сабақтастық мәселесін көтереді. Әр шығармадағы көркемдік шешім әртүрлі болғанымен, олардың тоғысатын тұсы – адамның өз тамырынан ажырамауын насихат ету.

Осы тұрғыдан алғанда, Айтматов шығармаларындағы түркілік рух – өткенді паректақ ғана емес, бүгінгі адамның өзінің кім екенін ұмытпауына бағытталған рухани бағдаршам. Олай дейтініміз, ұлттық жадын сақтаған адам

ғана өзгенің құндылығын түсіне алады, ал өз тамырын таныған халық қана адамзаттық өркениетке өзіндік болмысымен үн қоса алады. Сондықтан Айтматов прозасының жалпыадамзаттық биігі оның ұлттық негізінен алыстауында емес, керісінше, сол ұлттық рухани тамырды адамзатқа ортақ құндылық дәрежесіне көтере білуінде деп түйіндеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қозыбаев М. Шығыстың Шыңғысы, Түркі әлемінің жұлдызы!: [Қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов туралы] / М. Қозыбаев // Заман-Қазақстан. – 1999. – 26 мамыр (№ 21). – 7 б.

2 Садыр Жапаров, Қырғыз Республикасының Президенті: Үйлесімділік – аспан астындағы тас жол// https://qazaqadebieti.kz/40008/sadyr-zhaparov-yr-yz-respublikasyny-prezidenti-jlesimdilik-aspan-astynda-y-tas-zhol?utm_source=chatgpt.com

3 Айтматов Ш. Боранды бекет: роман. – Алматы: Жалын, 1986. – 304 б.

4 Айтматов Ш. Жан пида: роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.

5 Айтматов Ш. Қош бол, Гүлсары: повестер мен әңгімелер / Ш. Айтматов. – Алматы: Жазушы, 1977. – 336 б.

6 Мурод Т. Отамдан қолган далалар: роман. – Тошкент: Шарқ, 1994. – 272 б.